Антика дәуріндегі философия аясында жеке ғылымдардың бастауларының пайда болуы

Орындаған: Болат Қ.
Ғуламғозиев Ж.
Емелхан М.
Ешмат Ү.
Жұман Қ.

ЖОСПАР

I. Кіріспе
II. Антика дәуіріндегі әлемді түйсінудің Батыстық және Шығыстық ерекшеліктері
III. Антикалық Шығыстың әлемді философиялық тұрғыдан байыптаудағы және тәжірибелік-қолданбалы білімдердегі жетістіктері 3.Аристотель мен Платонның таным теориясы
IV. Қорытынды

- Гректердің математикасының бастаушысы Анаксимандр (б.э.б. 6 ғ.). Оның түсінігінде әлем сфералық, оның ортасындағы Жер цилиндр тәріздес, оның қасында Айдың шеңбері орналасқан, ол 9,18,27 сандарына қатынасты қашықтықтарды құрайды. Ал күн жұлдыздар жүйесіндегі ең ірісі деп түсіндірді. Бірақ бұл тәжірибеден алынбаған, тек мистикалық сандар мен геометризациялау ұғымдарымен астасқан. Бірақ бұл мифологема математикалық астрономияға негізделген: бұдан Парменидтің шар формалы болмысы, Аристотелдің әлемнің қасиетті құрылымы мен формализмі түсінігі, Птолемейдің геоцентризмі үлгі алған. Б.э.б. 6-5 ғасырлардағы пифагорлықтар мектебі осы сандардың үйлесімділігі ғарыштың негізі деп білген. Бірақ бұл математикалық ғылым емес, діни метафизикаға алып келді: сандар мистикалық мәні бар құбылыстар.

Анаксимандр



- Филолайдың ұғымы бойынша әлемнің орталығында от жатыр, оны бір тәулікте үлгеретін сфералық Жер айналып жүр. Осыған байланысты күн мен түн ауысады, орталықтағы от көрінбейтін, жер мен от арасында АНТИЖер бар (Антихтон), біздің жерге ұқсайды, қараңғы кейіпте. Күн осы оттан нәр алады, жылу мен жарықты алып, мөлдір шыны тәріздес болып келеді. Ал Пифагор да осы сандар мистикасымен шұғылданғанмен, оның түсінігінде әлемнің орталығында Жер тұрған. Күн мен Ай және бес планетананың айналып жүретіндігін ұсынған.



Филолайдың ұғымы





Пифагор мен Филолайдың ұғымы

- «Тимей» еңбегінде: Платон да Пифагор идеясын қолдайды, жетілген дене – шар формалы, жетілген фигура – шеңбер деп білді де, сандар мистикасын былайша реттейді: Ай 1, Күн 2, Шолпан 3, Меркурий 4, Марс 9, Юпитер 8, Сатурн 27 . Ғарыш математикалық үйлесімділікте құрылған сфералық пішінде. Платон әлемнің біріңғайлығын жоққа шығарып, аспан – өзгермейтін, мәңгі, біртұтас, құдайлық болмыс, ал жер – өтпелі, тұрақсыз. «Заңдар» деген еңбегінде: Ғарыш осы планеталарымен, үйлесімділігімен құдайлардың өмір сүретіндігін дәлелдеп тұр деп түсіндіреді: «Құдайлық ғарыштан мәңгілік, циклдылық, шеңбер бойымен қозғалу туындайды. Күн мен Ай ғарышта адасып жүрген жоқ, олар жүйемен, бір ғана шеңбер бойымен қозғалады»,-деп тұжырымдайды, Күннің айналысы жыл, айдың айнылысы бір айға сәйкес келетіндігін ұсынды. Бірақ бұл да эмпирикалық емес, метафизикалық постулат еді.



Платон мен Пифагор тұжырымы

Платон өзінің таным теориясында тұтас әлемді: 2 ге бөлді

шын дүние

Шын дүние – идеялар дүниесі, олар мәңгі өмір сүреді, өзгермейді.

жалған дүние

Жалған дүние – материал -ды дүние. Себебі ол өзгермелі: минералдар, өсімдіктер, адамдар, адамдар заттары т.б. Жалған дүние шын дүниенің жай ғана көшірмесі болып табылады.

Диалектиканы пікірлесу, сұрақ қою, жауап беру өнері деп түсінді, онда қарама-қарсы ұғымдар болатынын білген: жеке мен көп, бүтін мен бөлшек, шексіз бен шекті т.б. Бірақ қарама-қарсылықтың екі жағын «Парменид» сұхбатында 2 бөлек ұғым ретінде көрсетті. Ешкім де жекенің көп екенін, көптің жеке екенін дәлелдей алмайды дейді. Оларды жеке дара өмір сүретін реалдылық деп түсінді.

- Платон өзін
  әлемді: шы
  ге бөлді. Ш
  Себебі олар
  өзгермейді.
  дүние. Себе
  өсімдіктер,
  б. Жалған д
  ғана көшірм
  Мысалы, ка
  алынған кө
  материалды
  себепші. А
  болмыс еме
  Идея – білі
  ойлау сезім
  абсолютті.
  деп, оны өз
  дәйектеді: а
  енгенге дей
  ретінде дүн
  дербес өмір
  (адам дуни
  бұрынғы кє
  түсіреді, ад
  бұрынғысы
  табылады,
  алуға түрткі деп тұжырымдайды.

Философия Аристотельдің көзқарасы бойынша: теориялық – мақсаты «білім – білім үшін» болып табылады, практикалық — мақсаты білім қызмет үшін, нойетикалық (шығармашылық) – мақсаты білім шығармашылық үшін. Теориялық философия: физикалық-математикалық және алғашқы философияға бөлінеді. Физикалық философияның пәні — жеке өмір сүріп, қозғалатындар, математикалық — жеке өмір сүреді бірақ қозғалмайтындар, алғашқы философия — жеке өмір сүреді, қозғалмайды. Практикалық философияға этика мен саясат жатады, нойетикалыққа — шешендік өнер мен саясат жатады. Логика — жеке дара ғылым емес, пропедевтика барлығының жиынтығынан құралады.

Аристотельдің онтологиясында үш мәселе жатыр: 1) бар-лықты категориялық талдау немесе бір нәрселердің болмысы туралы ілім; 2) субстанцияларды каузальдік талдау; 3) мүмкіндік пен шындық туралы ілім немесе әлі болмыс еместің теориясы.Категорияларды 10 мағыналық топқа бөледі: мән, сапа, сан, орын, уақыт, иелену, әрекет, азап шегу.

Философия Аристотельдің көзқарасы бойынша

теориялық мақсаты білім білім үшін

практикалық мақсаты білім қызмет үшін

нойетикалық (шығармашылық) мақсаты білім шығармащылық үшін

Теориялық философия

физикалық-математикалық

алғашқы философия

Практикалық философия

нойетикалыққа

жеке өмір сүріп, қозғалатындар математикалық жеке өмір сүреді бірақ қозғалмайтындар

жеке өмір сүреді, қозғалмайды

этика мен саясат жатады

шешендік өнер мен саясат жатады

Логика — жеке дара ғылым емес, пропедевтика барлығының жиынтығынан құралады.

Аристотельдің онтологиясында үш мәселе жатыр

бар-лықты категориялық талдау немесе бір нәрселердің болмысы туралы ілім

субстанцияларды каузальдік талдау

мүмкіндік пен шындық туралы ілім немесе әлі болмыс еместің теориясы

Категорияларды 10 мағыналық топқа бөледі

- мән
- сапа
- сан
- орын
- уақыт
- иелену
- әрекет
- азап шегу

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мырзалы С. Қ. Философия. Алматы, 2014.
2. Нұрышева Г.Ж. Философия. Алматы, 2013.
3. Ғабитов Т.Х. және басқалары. Философия. Алматы, 2004.
4. Қасабек А. Тарихи-философиялық таным. Алматы, 2002.
5. Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. Алматы, 2004.
6. Алтаев Ж., Қасабек А., Мұқамбетәлі Қ. Философия тарихы. – Алматы, 2000.
7. Богомолов А. С. Античная философия. Изд. МГУ. 1985.
8. Лосев А. Ф. Словарь античной философии. М.: 1995.